



№3 (9890)

10 қаңтар,
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Қызылорда облысы

Жалағаш
ауданы

Жаңа
жаршысы

Аймақ жаңалықтары

Кеше аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында облыс бюджетінің игерілуі және 2023 жылы республикалық бюджет есебінен жобалардың қаржыландырылу барысы мен мемлекеттік сатып алу заңына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай бюджет игеру бағыты бойынша талдау қорытындысын баяндады.

Бюджет уақытылы әрі сапалы игерілсе игі

Жиында Нұрлыбек Нәлібаев өткен жыл қорытындысымен облыс бюджеті қаражатының игерілуі 99,5 пайызды құрап, Қызылорда өңірі республика көлемінде қаржы игеру бойынша 3-ші орында екенін атап өтті. Бұл жақсы нәтиже болғанымен, өткен жылы кейбір бағытта қаржының игерілмей қалуы салалар жұмысына кері әсерін тигізетінін ескертті. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысымен Қармақшы ауданы мен Қызылорда қаласында бюджет қаржысы толыққанды игерілмеген. «Бюджет қаражатын алу үлкен еңбекпен көледі. Мен үнемі барлық басқарма басшыларына, аудан қала әкімдеріне бюджет қаржыларының тиімді әрі мақсатты жоспарлануына және уақытылы игерілуіне қатаң талап болатынын ескертіп келемін. Бюджеттің әр тыны сұраулы. Әрбір жобаның мерзіміне қарай, мердігерлермен уақытылы жұмыс жасалуы керек. Мәселен, жаңа мектептердің құрылысын аяқтау жыл соңында деп белгіленеді, бірақ оқу жылы қыркүйекте басталады. Жоспарлау дұрыс емес. Бюджет қаржысын бағыттау барысында да жобалардың мерзімі ескерілмейді, салдарынан қаржы игерілмейді. Сондықтан қала, аудан әкімдері қаражатты халыққа ең қажетті деген мәселелерге бағыттау керек», — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы Қармақшы ауданының әкімі Әділбек Ерсұлтанов пен Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменовке ескерту жасап, қала, аудан әкімдеріне барлық қаражат толық, сапалы және уақытылы игерілу мақсатында заңға сәйкес тауар жеткізушілер және мердігерлермен тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Жиында жыл ішінде бюджетті нақтылау барысында облыстың бюджет көлемін республикалық трансферттер және өз кірістері есебінен ұлғайту барысы талқыланды. Биыл облыс бюджеті 520,7 млрд теңгеге бөкілді, оның ішінде субвенция көлемі 2022 жылғы 184,2 млрд теңгеден 2023 жылы 400,5 млрд теңгеге яғни 2 есеге көбейді.

Қазіргі таңда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы бойынша республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап ететін құны 35,6 млрд теңгені құрайтын 81 жоба, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 14,8 млрд теңгені құрайтын 27 жоба және облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы бойынша 17 млрд теңгені құрайтын 55 жоба қаржыландыруға ұсынылмақ.

Басқарма басшылары әрбір жоба бойынша жүргізілген жұмыс барысын баяндады.

Аймақ басшысы 2023 жылғы республикалық бюджеттің нақтылануы барысында аталған жобаларды толық өңізіп, 2024 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыруда бюджеттік өтінімдерді мерзімінде ұсынуды тапсырды.

Облыс әкімі ең алдымен бюджет қаражаты жол, жарық, ауыз су желілерін тарту мәселелеріне, білім, медицина, спорт көшендерін салу ісіне арналатынын жеткізді.

«Өткен аптада жауын-шашын әсерінен қаланың және елді мекендердің кейбір аумағында жарық өшіп, халық әбігерге түсті. Менің тапсырмамен жедел комиссия құрылып, мамандар ақау мәселелерін анықтап, қосалқы станциялардың жағдайын зерделеп келді. Ең бірінші жөндеуді қажет ететін қосалқы станцияларға шамамен 1,6 млрд теңге қаржы қажет екен. Әрі қарай екінші кезеңде жасалуы тиіс жұмыстарға 1,5 млрд теңге қаржы керек. Бұл мәселелерді шешу үшін республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржы бағыттауға жұмыс жасаймыз. Себебі халыққа аса қажетті жарық мәселесі жылдам шешілуі тиіс. Орын алған оқиғалардан кейін қала, аудан әкімдері өз аумақтарындағы қосалқы жарық станцияларының жағдайына талдау жасап, жөндеу жұмыстарын жүргізуге әрекет етуі керек», — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жиын барысында облыс әкімі күннің суыта бастауына байланысты қоймаларда көмір қорының жеткілікті болуын, жылудың үздіксіз берілуін және азық-түлік бағаларының тұрақты болуын және тазалық жұмыстарына күнделікті қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ егін егу мәселелерін ертерек жоспарлап, бақша өнімін егуге ынталы ауыл азаматтарына жер бөлу жұмыстарына жеткілікті деңгейде мән беру қажет екенін алға тартты.

Мұнан бөлек, Сырдария өзенімен облыс аумағына келіп жатқан су көлемінің артуына байланысты жауапты сала басшыларына Шардара су қоймасынан босатылатын су көлеміне тұрақты түрде бақылау жасап, мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында Аралға, облыс аумағындағы магистралды каналдар мен көлдер жүйесіне су толтыру шараларын жалғастыруды міндеттеді.

Жиында мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің өткізілуі барысы туралы хабарлама жасаған облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов негізгі ерекшеліктерге тоқталды.

Бұдан былай аудан және қала әкімдіктері мемлекеттік сатып алу конкурстарын ұйымдастырмайды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері толықтай орталықтандырылып, басқарма арқылы жүргізіледі.

Облыс әкімі басқарма басшысына мемлекеттік сатып алу заңнамасына енгізілген өзгерістер мен саладағы өзге де мәселелер бойынша тоқсанна бір реттен кем емес негізде тапсырыс берушілер үшін семинарларды ұйымдастыру және бірінші кезекте өткізілуі тиіс мемлекеттік сатып алулар бойынша жеңімпаздарды анықтауды заң шеңберінде уақытылы әрі сапалы үйлестіруді тапсырды.

«ЖОЖ» ақпарат

Актив

Кадрлық ауыс-түйіс: Кім қайда барды?

БҮЛ – АУДАН АКТИВЫНЫҢ ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БАСҚОСУЫ. ҚОЯН ЖЫЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕГІ БІРІНШІ ЖИЫН ЖАЙ БАСТАЛҒАН ЖОҚ, БІРҚАТАР КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІС БОЛДЫ.

Актив отырысында Асқарбек Темірбекұлы алдымен әріптестерін келіп жеткен жаңа жылмен құттықтап, биыл да ауданда жарқын жобаларды жұмыла жүзеге асырып, елдің әлеуетін көтеруде ынтымақпен жұмыс жасайтындарына сенім білдірді.

Бұл – Асқарбек Есжановтың аудан әкімі қызметіне келгелі жасаған алғашқы кадрлық өзгерістері. Иә, бұған дейін аудан әкімінің бір орынбасары тағайындалды. Бірақ бұл жолғысының жөні де, мәні де бөлек. Тіпті одан бөлім басшыларын былай қойғанда аудан әкімінің бір емес, екі бірдей орынбасары да шет қалмады.

– Аудан бойынша бірқатар кадрлық ауыс-түйістер орын алуда. Келгенде мүмкіндік бере отырып, жігіттердің аяқ алысын байқадық. Алдағы уақытта да кадрлық ауыс-түйістер жалғасуы мүмкін. Себебі бұл тағайындауларды аванс ретінде қабылдауымыз керек. Бұл – сіздерге елдің талап-тілегіне жұмыс жасау үшін берілген мүмкіндік. Сол мүмкіндікті құр жібермей сенім үдесінен шығуларыңызға тілекшіміз. Алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бірлесу жұмыс жасаймыз деп тағы да сенім білдіреміз, — деді аудан әкімі.

Естеріңізде болса, барыс жылын табыспен қорытындылаған Қызылорда облысында бірқатар басқармалар бірігіп, функциясы жуықтайтын



ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, спорт пен мәдениет сынды басқармаларды қосу жайы қарастырылған. Бұл жоба жаңа жылда жасалып, аудандарда да бөлімдер біріктірілген. Актив отырысындағы алғашқы ауыс-түйіс ауыл шаруашылығы және жер қатынастары деп аталатын жаңа бөлімнің басшысын тағайындаудан басталды.

Алтынбек Дәрібаевтың аудан әкімінің орынбасары болғанынан бері қанша жыл өткені есімде жоқ, әйтеуір одан бері он жылдың сырғығаны анық. Осынша уақытта Алтекеңнің ауыл шаруашылығы саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқанын жақсы білеміз. Аяқ су, жер, науқанның кезіндегі қолайсыз ауа райы салдарынан туындаған мәселелердің барлығының Алтынбек Тұрмағанбетұлы белортасында жүрді. Сондықтан аудан басшысының жаңа бөлімге оны лайықты деп тануы

орынды. Ал осыған дейін жер қатынастары бөлімін ұзақ жыл басқарған Бабаназар Байболов бұдан былай бөлім басшысының орынбасары қызметін атқарады.

– Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына еңбек еткен Алтынбек Дәрібаевтың біріміз жақсы білеміз. Ауыл шаруашылығында да, жер қатынастары саласында да бірқатар мәселе бар. Соның шешіміне жұмыс жасайды деп сенім білдіреміз және алдағы жұмысыңызға сәттілік тілейміз, — деді аудан әкімі.

Ал аудан әкімінің тағы бір орынбасары Жасұлан Еспенбет те бүгін орнын босатты. Ол бұдан былай кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Жасұлан Ерданұлына аталған бөлімнің қырсыры таңсық емес деп ойлаймыз. Себебі ол аудан әкімінің орынбасары қызметіне кірісерге дейін аталған

бөлімді біршама уақыт тізгіндеген болатын. Енді өңірдің кәсіпкерлік саласына екпін беруге Ж.Ерданұлына екінші мәрте мүмкіндік беріліп отыр. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов та бұрынғы орынбасарына «Өңірдің кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастырады» деп сенім білдіріп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Кадрлық ауыс-түйіс барысында жастарға да мүмкіндік беріліп, басшылық тарапынан үміт артылып жатқанын аңғару қиын емес. Мәселен, осыған дейін аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімін тізгіндеген Қайрат Жалпасбаев аудан әкімі аппаратының басшысы қызметіне кірісті. Осыған дейін жұмыстағы жауаптылығы мен табандылығының арқасында қызметтік сатыдан өткен Қайрекеңе үлкен үміт артылды.

2 →

Салада серпін бар

Қазақтың бас ақыны Абай атамыз қара сөздерінің бірінде «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым деу – ақымақтық» деген болатын. Өз заманында-ақ асқан даналығымен ұлы ойшыл бүгінгіні суреттеп кетті. Расымен бүгінгі ғасыр, жаһандану дәуірі мемлекеттерді бір-бірінен білім, ғылым, үздіксіз даму мен бәсекеге қабілеттілік арқылы ажыратып қойды. Дамушы елдер дамыған елдің осы жолдағы озық тәжірибелерін тұтынады. Біздің ел қазір даму үстінде. Мақсат дамыған отыздыққа ену, мәңгілік ел болу. Осы тұрғыда мемлекеттік саясаттың, қолдау мен көмектің басым бөлігі білімді ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуда.

Елде білім саласына қолдау артпаса, кеміген емес. Жыл сайын педагогтардың табысы артуда, саладағы серпілді істер де көңіл қуантады. Жестік көп, атқарылатын жұмыс та ауқымды. Білімі жоғары ұлт қана жаһандану талаптарына жауап береді. Ал заман талабына сай білімді ұстаз бәрінен қымбат. Мұғалімнің беделі төмен болған жерде тиісті білім де, тәрбие де болмайды. Ал мұғалім беделі – ұстаздың білімі мен бірге рухани-адамгершілік мәдениетіне тәуелді. Жалағаш ауданында білім саласы бойынша жүйелі жұмыс бар, жетістігіміз де көп. Ұстаздардың да жұмысқа деген жоғары жауапкершілігінің арқасында жақсы нәтижелерге жетіп келеміз. Шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беруде ерөн еңбек етіп, біліктілігін көрсеткен ұстаздардың еңбегін айтпай кету мүмкін емес. Ең бастысы жалағаштық өрендер жыл сайын білім майданында үздік шығып, ауданның мерейін асырып, абыройын асқақтатуда.

Жалпы еліміздің өркендеуі білім беру ісінің ілгерілеуіне немесе кенжелеуіне тікелей байланысты. Ауданымыздың білім саласы бірнеше жылдар бойы облыс бойынша жоғары көрсеткішке ие болып келеді. Алдыңғы жылы 321 мектеп бітіріп, оның 296-сы ұлттық сынамаға қатысты. Орташа балл 82-ні



құрады. Оның ішінде 273 бітіруші түлек жоғары оқу орындарына түсіп, өз мамандықтары бойынша білім алуда. 39 алтын белгі иегері, 18 үздік аттестат иегері де өткен жылы анықталған болатын. Ал бытырғы жылы аудан бойынша жеті мыңнан астам білім алушы, оның 358-і бітіруші түлек болса, оның ішінен алтын белгіге 24, үздік аттестатқа 31 оқушы үміткер болды. Оның 312-сі ҰБТ-ға қатысты. Орташа балл – 81,2. Ал 239 түлек мемлекеттік грант иегері атанды. Әрине бұл бір аудан үшін төмен көрсеткіш емес. Айта кетейік, Ұлттық біріншілік тестілеуге қатысқандар ішінде ең көп үміткері бар Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі мен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі болса, ең аз түлек Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептен өкен.

Ал биылғы жаңа оқу жылында 7 128 оқушыны мектептері құшақ жая қарсы алса, соның ішінде 682 бүлдіршін 1 сыныпқа қабылданды. Аудан мектептері биылғы жаңа оқу жылына да жоспарға сәйкес үлкен дайындықпен кірісті. Атап айтсақ, аудан бойынша 20 мектеп, 1 кешік мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым, яғни 10 мемлекеттік, 21 жеке балабақша, 6 шағын орталық), 3 қосымша білім беру ұйымы, 2 арнаулы білім беру ұйымы ұрпақтың санасына білім сіңіріп, бойына тәрбие дарыту

бағытында жұмыс істеп келеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 100%-ы қамтылған. Қазіргі таңда 1-6 жастағы балалардың қамтылуы – 68,2%. Алдағы міндет 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың қамтылуын арттыру. Балабақшалардағы 297 педагогтің 52,5 пайызының біліктілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкес келеді. Атап өтуіміз қажет, 2021 жылы бұл көрсеткіш 40 пайызды құраған.

Бүгінгі заман басқалардан білекпен емес, біліммен озытын заман. Иә, расымен заман бұрынғыдай емес, білім саласындағы оқу үрдісі де, білім беру критерийлері де барлығы өзгерді. Қазір жан-жақты, жаңашыл үнемі ізденіс үстінде болсаң ғана еңбегіңнің жемісін көре аласың. Шүкір, біздің аудан білікті ұстаз, білімді шәкірттерден кенде емес. Ұстаздар қауымы барынша балаларды ынталандыруға, әрбір сабағын жаңаша, қызықты идеямен өткізуге талпынады. Өйткені оқушыны жалықтырып алмауды ойлайды. Түрлі білім додаларында жеңіске жетіп жүрген оқушылар да бар. Олар жетістікке жеткен сайын ауданымыздың мерейі асып, ұстаздардың қызметіне деген ынтыас, жауапкершілігі арта түседі.

Енді алдағы міндет ата-ана үмітін ақтау, ұстаз еңбегінің нәтижесіне

жете білу. Бұл жолда оқушылар үшін табандылық пен терең білім ғана көмектесе алмақ. Сәт сайын жаңарып отырған ақпараттық толқыға ілесу, бәсекелестік жолдан табылу үшін білім мен тәжірибені ұдайы толықтырып отыру міндетті. Сонда біз заманның көз келген талабына, бәсекелік қабілеттілікке және білім бәйгесінде ел мерейін асыра алатын білікті жастарды тәрбиелеп шыға аламыз. Ал мұндай жан-жақты тұлғаларды қалыптастыру – әр педагогке жүктелген жауапкершілік. Ұстаз осынысымен ұлы, қадірлі тұлға. Ал үлкен өмірге қанат қаққан әрбір жастың жетістігі, ауданның ортақ жетістігі, қуанышы деп білеміз. Жалпы талабы таудай, мақсаты айқын ынты-жігері мен білімге құштарлығы алға жетелейтін жас өрендер тәрбиелеуде барлық жаңашылдық пен тиімді әдістерді үнемі жетілдіріп отыратын педагог қана нақ мақсатына жетпек. Біз тек саналы ұрпақ пен бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда даналық пен пайым-парасатты, жан-жақтылық пен жаңашылдықты, тастай талап пен кіршіксіз мейірімді де тең ұстай білетін ұстаздардың еңбегі қашанда жемісті жылдарды қорытындылай берсін дейміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Кадрлық ауыс-түйіс: Кім қайда барды?

– Қайрат Жаппасбаевты да өздеріңіз жақсы білесіздер, жас маман, жас та болса бірнеше бөлімде шыңдалған маман, біз өңдігі жерде жастарды қолдауымыз керек. Білім-білігін өздеріңіз жақсы білесіздер, сауатты азамат. Сондықтан аппарат басшысы қызметін сенім тапсырып отырмыз. Жаңа жұмысына сәттілік тілейміз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Ал осыған дейін аудан әкімінің аппарат басшысы болған Мейірбек Аманкелдіұлы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы қызметіне кірісті. Бұл бөлімнің де қызығы мен шыңығы Мәкеңе таңсық емес. Себебі Мейірбек Аманкелдіұлы да осыған дейін әлеуметтің әлеуетін көтеруде абыройлы нем табысты еңбек еткенін жақсы білеміз.

Биыл біріктірілген бөлімдер қатарында экономика мен қаржы саласы да бар. Яғни қос сала бір бөлім болып аудандық экономика және қаржы бөлімі деп аталды. Осыған дейін аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарған Жұпар Баймаханова аталған жаңа бөлімді тізгіндеді.

Ауданның идеология саласына серпін берген Шарабан Қалыбаев аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Шарабан Мақсұтұлының өз ісіне жауаптылығын, табандылығын жақсы біеміз. Сондықтан Асқарбек Темірбекұлы тарапынан артылған үмітті ақтайтынына да сенім мол. Мемлекеттік қызметтің бірнеше сатысынан абыроймен өткен азаматтың оған қарым-қабілеті жетеді.

Бүгінгі актив отырысында тағы бір жасқа мүмкіндік берілді. Иә, Ержан Қайнарбаев та мемлекеттік қызметтің бірнеше сатысынан өткен азамат. Қайнаған жұмыстың белортасында жүрген жылдары да сыр бермеген Қайнарбаев атауы жаңарған аудандық қоғамдық даму басқармасына басшы болып тағайындалды.

Жоғарыда айтқан біріктірілген бөлімдердің ішінде мәдениет және спорт бөлімінің басшылығы да бос болатын. Бүгінгі кадрлық ауыс-түйісте жаңа бөлімнің жаңа басшысы да белгілі болды. Осыған дейін мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарған Таңатар Доспанов



бұдан былай аталған жаңа бөлімнің жұмысына жауапты. Ал бұрынғы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімін басқарып келген Еркебулан Жамалатов бұдан былай жаңа бөлім басшының орынбасары қызметін атқарады.

«Еркебулан Сырмағанбетұлы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімін басқарған жылдары жалағаштықтардың есінде қандай еңбегімен қалды?» дейтін сауалдың түйінін тарқатсақ, жазатын дүние көп. Ауылдық елді мекендерде спортты дамытуға, халықтың салауатты өмір салтын ұстануына не кедергі? Бірінші кезекте осы сауалдың жауабына Жамалатовтың терең бойлағанын жақсы білеміз. Бізге берген қай сұхбатында болсын ауылдарда спортты дамытуға кедергі мәселелерді көтермей қоймайтын. Оны басшылық алдында да бірнеше рет көтерген. Қазір ауданда ерекше екпінмен дамып келе жатқан спорт саласы соның нәтижесі деп білеміз. Ол әлі де аталған салаға еңбек ете береді. Себебі жаңа бөлімнің спорт саласы бойынша орынбасары қызметіне ауысты.

Осыған дейін кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы қызметін атқарған Ғабит Ерболұлы да орнын босатты. Ол бұдан былай

жаңадан құрылған аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарады. Ал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы қызметінен босаған Қанат Шамшатұлы бұдан былай мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Жергілікті әкімдік аппаратындағы дәл осы бөлімді осыған дейін абыроймен басқарған Ғалым Жаңашев жаңадан құрылған қаржы шаруашылық бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру, бақылау бөлімінің басинспекторы Талғат Муратұлы бұдан былай дәл осы бөлімнің басшысы қызметін атқарады. Ал жастар ресурстық орталығының қызметкері, аудандық мәслихат депутаты Нарбота Серәлі аудан әкімінің баспасөз хатшысы қызметіне тағайындалды.

Бүгінгі актив отырысында осындай үлкен кадрлық ауыс-түйістер орын алды. Аудан әкімі айтқандай, бұл өзгерісті елге, халықтың талап-тілегіне жұмыс жасауға берілген үлкен мүмкіндік деп қабылдау керек. Әкім айтты, сөзінде тұрды. Сырттан ешқандай кадр тартқан жоқ. Келгеннен өзіміздің азаматтарға мүмкіндік

берді. Мүмкіндік әлі де беріліп жатыр. Соны тиімді пайдаланған азамат халыққа қызмет етеді. Бастысы, ешкім жұмыссыз қалған жоқ, қосылғыштардың орны өзгерді, ал мәні қалай болмақ? Оны алдағы уақыттың өншісіне қалдырайық.

Айтпақшы аудан әкімінің бір емес, қос бірдей орынбасарының орны бос тұр. Асқарбек Темірбекұлы ол қызметке де сырттан кадр тартпауға уәде етті. Тіпті «Орынбасарларымды да осы азаматтардың арасынан тағайындаймын» деп сөзін шегеледі. Бұдан біз «Елге қызмет етіңдер, халықтың талап-тілегіне нәтижелі жұмыс жасаған адамның мерейін үстем етуден тарылмаймын» дегенді ұқтық.

Актив отырысының соңында аудандық мәслихат хатшысы Гүлзат Құрманбаева мен «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева жаңа қызметке ауысқан әріптестерін құттықтап, бұл аудан әкімі тарапынан артылған сенім екенін тілге тиек етіп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

← 1

Әке жолын қуса игі...

Елімізде бір салада, бір отбасының бірнеше ұрпағы және ерлі-зайыптылар бірге қызмет етіп, өз әулеттерінің абыройын асырып жүргендерді насихаттау, құрметтеу дәстүрге айналған. Ел тыныштығын қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы қызмет – абыройлы міндет. Әрине ел үшін өміріне төнген қауіпке қарамай әртүрлі деңгейдегі төтенше жағдайларда жанқиярлықпен күресетін өрт сөндірушілердің де міндеті абыройлы. Осындай қызметті абыройлы атқарған, әлі де атқарып жүрген жалағаштық жерлестеріміз бар. Осындай әулеттің бірі – Жылқыбаевтар отбасы.

Жалағаштық Жылқыбаевтар әулетін жерлестеріміз жақсы біледі, құрметтейді. Оларды «қорғаушылар әулеті» деп те атайды. Өйткені бұл әулеттен әкіл тәртіп сақшысы, ІІО-ның қызметкері мен төрт өрт сөндіру қызметінің әкілі шыққан. Әуелгі еңгімемізді осы отбасының тірегі болған милиция капитаны, марқұм Жылқыбаев Нұрбек ағамыз жайлы сөзден бастасaq.

Нұрбек Жылқыбаев 1938 жылы Мақпалкөл ауылында қарапайым шаруа отбасында өмірге келген. Ол орта мектепті бітіргеннен кейін 1958 жылы Қазалы ауыл шаруашылық техникумында оқып, арнаулы орта техникалық мамандық алған. 1961-1965 жылдары Кеңес әскерінің қатарында қызмет еткен. Төрт жыл әскери қызметте ысылған Нұрбек ағамызды Жалағаш АІІБ-ның басшылары қызметке шақырып, ол 1965-1966 жылдары милиция кіші лейтенанты арнаулы шенімен милицияны ұнаскелік уәкілі болып қызмет етеді.

Осы тұста Жалағаш ауданының аумағынан Қызылорда целлюлоза-картон зауытының шикізатына қажетті қамыс дайындау үшін жеңіл жазамен сотты болғандар жұмысқа тартылған екен. Міне, осындай контингенттер мекемесіне ол 1966 жылы комендант болып тағайындалған. 1966 жылға дейін осы лауазымды және аға жедел уәкіл қызметін қосып атқарады. Ал 1969-1970 жылдары аға комендант болып тағайындалған.

1970 жылы Жалағаш АІІБ паспорт үстелінің бастығы лауазымына тағайындалған милиция капитаны Н.Жылқыбаев бұл қызметін өмірінің соңына дейін абыроймен атқарды. Ол аяққас дертке шалдығып, 1989 жылы 20 қаңтарда жарық дүниеден қоштасты.

Оның артында абыройлы ісін жалғастыратын саналы ұрпағы қалды, оны әрдайым еске алатын достары мен туған-туыстары, қызметтес інілері бар. Қазақы көнбістіктен «шүкір ғой!» деуімізге болар. Дегенмен оның өзі ширек ғасыр қызмет еткен ІІО-дан құрметті зейнеткерлікке шығып үлгірмегені өкінішті.

Облыстық ПД-ның архивінен тиісті қызметкерлер арқылы алдырылған милиция капитаны Жылқыбаевты марапаттау жайлы іс-парағына зер салсақ, оның жыл сайын марапатталып отыратынына көз жеткіземіз. Көшірме құжатта көрсетілген оның араға жыл салмай ие болған марапаттарын тізіп шығу міндетті емес.

Дегенмен сол марапаттарының бірнеше сұбалы дегендерін атап өткеніміз дұрыс болар.

ІІО-да үлгілі қызмет еткен милиция капитаны Н.Жылқыбаев КСРО ІІМ-нің 1,2,3 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Кеңес милициясына – 50 жыл» медальмен және «Милиция үздігі» тес-белгісімен марапатталған. Сондай-ақ ол Қазақ КСР ІІМ мен облыстық ІІБ-дан аты-жөні жазылған алтын сағат және бағалы радио қабылдағышпен де марапатталған. 1980 жылы жеке адамның «Жигули» жеңіл авто көлігін айдап кетіп, бөлшектеп жіберген қылмыскерді тауып, оны құрықтау үшін жасақталған жедел топтың құрамында осы операцияға қатысып, тапқырлық пен баатылдық танытқаны үшін ол қомақты ақшалай сыйлықпен және алғыспен марапатталған.

ІІО-да қызмет етудің міндеттері мен ереже-бұйрықтардан хабары жоқтар паспорт үстелінде қызмет ету «қайлы орын» деп ойлауы да мүмкін. Бұл лауазым иелеріне азаматтарды құжаттандыру, мекен-жайларға тіркеуге алу, шығарумен қатар алимент төлеуден жалтарушыларды іздеп тауып, тиісті орындар арқылы тірікетім сәбилердің нәпақасын ендіру, қасақана бұлміндеттен жалтарғандарды жауапкершілікке тартудың өзі көп ізденумен, еңбектенумен орындалады.

1990 жылдардың орта шамасына дейін аудандық ІІБ-де штат санының өте шектеулі болғанын аға буын өкілдері әлі ұмытқан жоқ. Сол уақытта Нұрбек ағамен кентішілік патрульге, айдауыл қызметіне, тәуліктік кезекшілікке бірге түсіп жүрдік. Ол милиция қызметкері қандай адам болу керек дегенде барлық жағынан үлгі болатын қадірлі ағамыз еді. Қызметтік міндеттеріне ұқыптылық пен бөлімде өтетін жиын шаралардан көшкілеу ол үшін бұлжымас қағида, заңдылық болатын. Айта берсе, оның нысанды киімді таза әрі ережеге сәйкес киюі өзге әріптестерінен басқа көпшілік жай азаматтарды да қызық-тырғандай еді. Ол үнемі милиция формасын ине-жіптен жаңа өткендей, қырын сындырмай киіп жүретін. Тіпті аяқ киімінің өзін жалтыратып сүртіп, тазалап жүру үшін жанынан арнайы қалтаға салынған шүберегін тастамайтынына да танданушылар көп болатын. Аудандық ІІБ-де өтетін саптық байқауларда және мерекелік шерулерде парадтық үлгідегі

милиция формасы сымдай тартылып қона қалған сұңғақ бойлы милиция капитаны Н.Жылқыбаевқа қызыға да, қызғана да қараушылар көп болушы еді.

Бүгінгі «Халыққа жақын полиция» дегеннің де сол кездердегі үлгісі осы Нұрбек ағамыз болды» десек, сөзіміз жалған болмайды. Жаңадан құжаттандырылған немесе құжат ауыстырған алыс ауылда тұратын азаматтардың өзіне құжаттарын тапсыру үшін жолға шығуға жалықпайтын.

Ол халыққа жақын болды және ел ішінде жақсы сыйласатын достары көп болатын. «Ол ешкімнің бетіне жел болып тимей, сыйлағы қарым-қатынаспен-ақ құқық бұзушыларға тиісті құжаттар толтырудың шебері еді» дейді онымен қызметтес болған сексен бір жастағы ІІО-ның ардагері Аманов Нұғыман ақсақал.

Иә, өзінің сырбаз мінезімен, сындарлы ісімен елдің есінде қалған Нұрбек ағамыз Сайлаулыл жеңгеміз екеуі төрт үл екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ағамыздың қасиетті қара шанырағына ие болып отырған Бағдат інімізден басқа перзенттері ІІМ мен ТЖМ саласында қызмет етті.

Нұрбек ағаның үлкені Сұлтан Нұрбекұлы – КСРО ІІМ-нің Алматыдағы арнаулы өрт-техникалық училищесін бітірген офицер. Ол Жалағаш АІІБ өртке қарсы мемлекеттік инспекциясының инспекторы, аға инспекторы, осы инспекцияның бастығы сияқты лауазымдарды үлгілі атқарды. 1998 жылдан бастап Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы лауазымында еке аманатына лайықты қызмет етіп, ішкі қызмет подполковнигі шенімен зейнеткерлікке шықты.

Подполковник Сұлтан Нұрбекұлы ҚР ІІМ мен ТЖМ-ның бірнеше төсбелі, медалдарымен марапатталған. Ол бүгінде «Агрохолдинг Қызылорда» ЖШС-да еңбек қауіпсіздігінің инженері болып қызмет етеді.

Бұл әулеттің жастайынан еңбекке

шыңдалып, темірдей тәртіпке бейімделіп

өскен басқа ұл-қыздары да қауіп-қатерге

төтеу ІІМ мен ТЖМ саласында қызмет

етті. Енді олар жайлы кезегімен айтып

өтеск...

Полиция старшинасы Бақдәулет

Нұрбекұлы Ақтөбе облыстық ПД

мамандандырылған күзет қызметі

басқармасында бөлімше командирі

лауазымында абыройлы қызмет етіп,

зейнеткерлікке шықты. Ол бүгінде жеке



күзет фермасында қызмет етеді.

Ләззат Нұрбекқызы Қызылорда облысы ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі» Қызылорда қаласының өрт сөндіру бөлімінде қызмет еткен. Өрт сөндіру қызметінің прапорщигі. Бүгінде ол бастапқы мамандығы бойынша жеке емханада қызмет етеді.

Бақытжан Нұрбекұлы Қызылорда облыстық ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі, Байқоныс қаласының өрт сөндіру бөлімінде бөлімше командирі болып қызмет етіп, құрметті демалысқа шыққан өртке қарсы қызмет прапорщигі. Ол бүгінде Шүбаркөл кен орынындағы азаматтық өрт сөндіру мекемесінде қызмет етіп жүр.

Ал әулеттің кенжесі Ғалия Нұрбекқызы да облыстық ТЖД-ның «Өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі» Жалағаш аудандық өрт сөндіру бөлімінде қызмет етті. Ол да бүгінде құрметті демалыстағы өртке қарсы қызметтің прапорщигі. Ғалия қарындасымыз қазіргі уақытта «Агрохолдинг Қызылорда» ЖШС-да зертханашы болып еңбек етеді.

Иә, сонау 1989 жылдың қытымыр қаңтар айында науқасы бойын өбден мұңдегенін сезген милиция капитаны Нұрбек ағамыз сол кезде Жалағаш АІІБ-де жауапты қызметтегі үлкені Сұлтанға «Іні-қарындастарына қам-қорлық жасап жүргейсің, мен сендерге сенемін» дегенде ұрпақтарының өзі бастаған қызмет дәстүрінің осылай жалғасатынына сенген шығар. Ал Нұрбек ағаның көзін көріп, қызметтес болған інілері алдағы уақытта оның немерелері де аталарының жолын жалғастыратынына сенеді.

Болатбек НҰРЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
ІІО-ның ардагері

Жас та болса, бас бола білетін баланы «Жаны жақсы ағаның етегін баспа, жолын қу, болайын деген баланың бетін қақпа, бөлін бу» дейтін текті халықпыз ғой. Тағы бірде «Қой асығы деменің, қолыңа жақса сақа ғой, жасы кіші деменің, ақылы асса аға ғой» деген тәмсілді өнеге етеміз де, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деп қайырамыз өнді бір жерде. Қарап отырсақ, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бірауыз сөзбен шегелеп, кішіге берер тәрбие мен үлкеннен алар өнегені бір арнада тоғыстырыппыз. Ұланғайыр атырапты мекен еткен қазақтың текті халық атануы да осыдан болар.

Тәрбиені тал бесіктен бастаңыз



Расымен, баланы отбасы, ошақ қасында тәрбиеленімізбен, әрбір бала сол ұлттың бір-бір кірпіші екенін естен шығармау керек. Бүгінгі бала елдің ертеңгі тұтқасын ұстар тұлға, бүгінгіңің жалғасы. Ұлы ойшыл Әл-Фараби атамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген. Жастайынан жүйелі тәрбие берген ата-анаға перзенті мәңгілік қарыздар және сол тәлім-тәрбиені өз қажеттіліктерімен қатар ел мүдесіне жұмсауы да азаматтықтың бір шыңы. Ол да бір қоғамға қосқан үлесінің үлгілі болары сөзсіз.

Жалпы ертеңді ойласаң, бүгіннен әрекет қылу керек. Ол бесенеден белгілі, бұлжымайтын табиғаттың заңдылығы. Ал бүгіннен әрекет қылу жауапкершіліктен, табандылықтан, алға мақсат қойып, сол мақсатына қарай қарыштап қадам басудан тұрады. Біздің ертеңіміз кімдер, осыны бір сәт ойлап көрсек. Әрине біздің ертеңіміз бүгінгі балалар, жастар. Жастар болашақты жасайтын бүгініміз. Келешекті көмел болашақты жарқын еткіміз келсе, бүгінгі буынның сана-сезімін ұлттық сипаттармен, қазақы тәлім-тәрбиемен және адами болмыспен нәрлендіріміз керек. Түптеп келгенде барлығы тәрбиеге, сол тәрбиенің негізін беретін ата-ана мен қоғамға келіп тіреледі. Мәселенің шешемін іздемей тұрып, себеп-салдары мен мәнін түсініп алған оңайырақ. Сондықтан біз ең алдымен бүгінгі баланың болмысына тоқтала кетсек.

Заманның ағысы адамзатты өзгеріске бейімдемей қоймады. Қазіргі буынның таным-түсінігі, өмір сүру дағдысы бұрынғыдан өзгеше. Бүгінгіңің жастары ашық, жан-жақты, жаңа өзгерістерге бейімделгіш келгенмен, агрессивті әрі ашушаң және бойларында заманауи технологияларға деген тәуелділіктің жұрнағы барын жасыра айтпай кете алмаймыз. Сайып келгенде тәрбиенің бір тұсы қалыс қалып барады. Яғни, біз барлығын заманның ағымына теліп отырғанда сымсыз құрылғының құрығына түскен балаларды кітап оқуға дағдыландыра алмай қалдық. Кешегі білім – инемен құдық қазғандай деген ата-бабаларымыздың тәлімі сымсыз құрылғы пайда болғалы рухани азық беретін алтын кен – кітап бетін парақтайтын жастарға таңсық болып барады. Кітапханаларға барып, ізденіп, оны парақтап, сан тарауын талдағаннан, көз майын таусысып оқып шыққаннан гөрі қолындағы смартфоннан лезде оқи салғанды оңайырақ көреді. Кітап оқығаннан көз майын таусамыз дейтін сол жасөспірімдер қалта телефоннан бөлінетін сәулелерден көз жанары солып қана қоймай, адам азасының басқа да мүшелері зақымданып жатқанын сезбейді. Смартфон тек көз жанарын ғана алмайды, ол мидың жұмысын да кешеуілдететіні дәлелденген. Өйткені смартфонда бөрі көз алдында тұрғандықтан, ми ойлау, қорыту сынды функцияларын атқармайды. Мұнан кейін мұндай осы қабілеттері біртіндеп жұмысын тоқтатып, дамуы кешеуілдей бастайды. Мұнан арғысы айтпаса да белгілі. Баласының болашағына аландайтын, ұлтының келешегіне бейжай қарай алмайтын кез келген ата-ана, ұстаз бүгінгі буынды осы тәуелділіктен арылтудың жолын іздесе керекті.

Өйткені баланы жарық дүние есігін ашқаннан қалай қарай бағыттасаң, солай қарай бейімделетінін ескерусіз қалдыра алмаймыз. Бала бойына жастайынан сіңген тәрбие мен ақыл, болашаққа деген жарқын көзқарас, қабілет пен ынта келешектің нұрлануының айқын кепілі. Ата-баба салған сара жолды іле жалғап кету де барша жас ұрпақтың міндеті. Біле білсек, әр бір жеткіншек өзі үшін, өзінің отбасы үшін ғана емес, еліне, Отанына да қызмет етуі қажет. Қазіргі күні біздің көптеген жастарымыз шетелде оқып, жан жақты білім алуда. Өз білімдерін өзге елде жүріп дамытып, ал оның жемісін өз Отанына келіп пайдаланса құба-құл емес пе?! Өзге елде ұлтан болғанша, өз еліңде сұлтан болып, алған білімді өз жұртының ескеңе ұрпағына үйрете білсе міне сол отансүйгіштік емес пе?!

Айта кету керек, бала тәрбиесінде ата-аналар тарапынан кетіп жататын қателіктердің қатарында көп кеңіл бөлмеу де бар. Осындай қарбалас тіршіліктен тұратын өмір бала мен ата-ананың арасын алшақтатқан секілді. Таң атысымен күйбеңмен кеткен әке-шеше қас қарайғанда сілепеп үйге келеді. Мұндай жағдайда балаға көңіл бөле қоюы екіталай. Бірақ қанша шаршасаңыз да уақыт тауып баланың күні бойы не істегенін, сабаққа үлгерімі қалай екенін, әлеуметтік желіде қанша сағат отырғанын сұрап, азын-аулақ баламен байланыс орнатқан дұрыс. Әсіресе, бүгінгі таңда әлеуметтік желінің әлегі көп болып тұр.

Нұр НАУАН

ТАНЫМ

А.Балгабаева – 70 жас

Айнаштың портреті (эссе)

Бүгін ол күндегісінен ерте тұрды. Оның да себебі бар. Алғаш рет егін басына барады. Далаға шыққанда күн сәулесінің таңғы жарығы енді біліне бастаған еді. Біздің жақтың жазғы таңы қандай тамаша, оған жетер сұлулық бар ма екен деп қойды сұлу таңмен бірге тұрған ол. Содан соң тез жиналып иығына жеңіл кетпенін салып, егіншілікке, күріш алқабына бет алды. Егін даласы тыныштықта. Тек қана енді от алдырған тракторлардың әр жерден шыққан дауысы еңбек тынысы енді басталды деген белгі бергендей.



I

Егін басына жақындағанда күн біраз жерге көтеріліп қалған еді. Ол жүріп келе жатқан жалғыз аяқ жауа жолдың бас жағынан күн сәулесіне шағылысып жарқырап жатқан белгісіз бір затқа көзі түсті, жақындап келгенде өлгі күнге шағылысқан заттың жылан екенін көрді. Иә, бұрын да көріп жүрген жыланы. Бұл жолы оның ақ төсі күн көзіне шағылысып жарқырапты. Бірақ қыз одан өскенбеді, бауыры толған быжырлаған майда аяқ екенін анық аңғарды. Тимеді, айналып өте шықты.

Егін басына келгеннен кейін жолда көргенін өндіріс бригадирі Рахымтай Сәдуов ағасына бұлжытпай айтып берді.

Сонда ол: – Жыланның аяғын көп адам көре бермейді. Ертеде үлкен қариялар өңгіме арасында «Жыланның аяғын көрген адам бақытты, бай болады» дейтін. Қызым, сен де бақытты, бай боласың, – деп ақ батасын берді.

Бұл – осыдан 53 жыл бұрын 1970 жылы болған оқиға. Ендігі өңгіме 1955 жылы туып, 2006 жылы дүниеден өткен Айнаш Балгабаеваның өмір белестері жайлы болмақ.

Ол Мәдениет совхозындағы орта мектепті 1971 жылы бітіреді. Әкесі ерте қайтыс болып, анасының тәрбиесінде оқуды ол отбасы жағдайына байланысты болғанды одан әрі жалғастыра алмайды. Еңбек етуді механизматор болудан бастайды.

1972 жылдан бастап күріш егуден айналысып, күрішші деген атаққа ие болады. Алғаш рет оған совхоз басшылары 35 гектар жер беріп, осыдан мол өнім алу үшін аяңбай еңбек ет деп тілек білдіреді. Сонда оның замандастары арасынан «күріш егу оңай шаруа емес, кім көрігеннің көпші жеті беретін» Жаз бойы белуардан су келіп, еңбек етіп нәтижесіне жетсең жақсы, жете алмасаң «егінші жылы арманданың» кері келіп жүрмесін дөушілер болды. Кімнің аузына қақпақ боласың.

Тек анасы Бибігүл: – Айналайын, жүрегіңнің қалауы білсін, – деген еді.

Анасының шын ықыласпен айтқан сөзі оған күш берді. Еңбекке етене кірісіп, қайткенде де дегеніме жетуім керек деген мақсатына Айнаш жете бастады. Жеткені емес пе, сол бастапқы күріш еккен 1972 жылы 35 гектар жердің әр гектарынан 69,5 центнерден өнім алып, талайды тамсандырып еді.

Жылдар бірінен соң бірі жалғасып жатты. Әр жылдың өз сыбағасы бар демекші, Айнаш та әр жылды жаңа табыспен қорытындылауды жүзеге асыра бастады. Жас қыздың еңбегі табысына ұжым ризашылық білдіріп, оған үлкен үміт арта түсті.

Бірде совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов оны кенсеге шақырды. Кеңсеге келгенде директордың кабинетінде парком хатшысы Өтеп Сәрсенбаев бар екен. Өңгімені совхоз директоры бастаған еді. Сонда ол:

– Айнаш, сен партияға өтуге дайындал, бір келіпдемемі өзім беремін, – деген-ді.

Одан әрі өңгімені парком хатшысы жалғастырды. Ол өз сөзін еңбектегі озат қыздар мен әйелдерді партия қатарына тарту, партия ұйымының тұрақты назарында, мәселен, Күләнда Ыбыраева, Шырынкүл Өбетова, Күнжамал Үдербаева, Рсай Баймаханова, Фатима Мырзәбековалар соңғы үш-төрт жыл ішінде коммунистер сапына қосылған қыз-келіпшектеріміз, Ұзекеннің ұсынысы дұрыс, оған мен де қосыламын деген еді.

Бұл 1973 жылы қазан айында егін жинау, оны мемлекетке тапсыру науқаны аяқталғаннан кейінгі осыдан қырық екі жыл бұрын айтылған өңгіме еді.

Қорытындысында жиырма жасында диқан қыз коммунистік партия қатарына қабылданған. Ол кезде партия қатарына еңбек озаттарының ең таңдаулылары ғана мүше болатын. Қызметте жоғары сатыларға көтерілу үшін, еңбекте құрметті атақ-даңққа жету үшін ондайда айтылғыштай рөл бар.

Сонымен жас коммунистің алдында өлі талай асулар тұрды. Сол асулардан өту жолындағы социалистік жарысқа түскен ол үнемі алда болды. Жарыстың жеңімпазы атанды. Соның дәлелі Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын жеңіп алған Ыбырай Жақаев атындағы республиканың таңдаулы жас күрішшісіне деген жұлдіесін жеңіп алды.

II

Айнаштың Коммунистік партияға мүшелігі абыройлы жұмыстың бастамасы болды. Осындай еңбектің қызығына түскен ол арада он жылдың өткенін сезбей қалған сияқты. Осы мерзім ішінде күріш егудің қыр-сырын толық меңгерген ол совхоздың даңқын республикаға дейін шығаруға сол жылдары өздерінің үлесін қосқан, күріштен мол өнім алу арқылы абыройға бөленген күрішшілер Жақсылық Шайманов 35 гектар жердің әр гектарынан 98,7 центнерден, Жәнісбек Ермаханов 35 гектар жердің әр гектарынан 37 центнерден, Ералы Төремуратов30гектаржердіңәр гектарынан 80 центнерден, Ұлмекен Төлегенова 30 гектар жерден 76,2 центнерден, Сапарбек Бисенов 30 гектар жердің әр гектарынан

76 центнерден, Сайлаубек Ақылбеков 28 гектар жердің әр гектарынан 75 центнерден, Бисенбай Ұзақбаев 28 гектардан 73 центнерден, Темірбек Залиев 30 гектардан 71 центнерден, Шынаркүл Убетова 38 гектардан 70 центнерден, Ешпан Мұстафаев 40 гектардан 70 центнерден, Күләнда Ыбыраева 20 гектар жердің әр гектарынан 69 центнерден, Жақсыбай Шегебаев 60 гектардан 72 центнерден өнім жинаған ауданның даңғайыр диқандарының қатарына қосылды.

Көргені де бар, үйренгені де бар, тәжірибе жинақтағаны бар, қатарынан өз басы қалмауды алдына мақсат етіп қойғаны бар, ол осы жылдар ішінде күріштен тұрақты өнім алу дәрежесіне жетті. Мысалы, 1981 жылы 26 гектар жердің әр гектарынан 104 центнерден, 1982 жылы 30 гектардың әр гектарынан 97,3 центнерден өнім жинады.

1983жылдыңкөрсеткішідө айтарлықтай болды. Өзіне бекітілген 30 гектар жердің әр гектарынан 100,3 центнерден күріш алып, әр центнер күріштің өзіндік құны 21 сомның орнына 15 сом 10 тиыннан айналдырып, совхозға 75,594 сом пайда келтірді.

Кімнің де болса қатарға қосылып бой түзеуі, өсуі, атақ-даңққа бөленуі еңбек еткен ортасына байланысты екеніне ешкім дау айта алмайды. Жақсы адам ел ырысы, жақсы жер жанның тынысы демекші, алғашқы күннен бастап ол жақсы ортаға түсті. Бұл орайда оның айтуға тұрарлық небір шоғыры биік майталмандардан еңбек тәрбиесін алғанын еске түсірсек, әбестігі бола қоймас.

Олар кімдер еді десеңіздер оқырман қауым, айтайын. Олар мемлекеттік сый-лықтың лауреаттары Тұрлыбай Әбдіқаликов, Жақсылық Шайманов, Қазақ ССР Жоғары Советінің депутаттығына екі мәрте сайланған Ұлмекен Төлегенова, Куба жерінде күріш өсіріп қайтқан тәжірибелі күрішші Кенішбай Алшоразов, совхоздың "Пәниін", "Еңбек Қызыл Ту" орденді өндіріс бригадирі Рахымтай Сәдуов және басқалар.

Күрішші мен механизматорды егіз ұғым дегуе болады. Сол себепті озат күрішшілер жайлы өңгіме қозғаған кезде озат механизматорлар жайлы айтапдауын өзі орынсыз. Сондықтан сол дәуірдің атақты механизматорларының есімді еске алудың реті келіп тұр. Олар Е.Сәрсенбаев, Т.Қалпанов, К.Жайлаубаев, М.Тұрмаханов, Ж.Балабатыров, Ә.Еспанбетов, О.Досанов, М.Елемесов, О.Прманов, Т.Жұмабаев және басқалар, совхоздың, тіптен ауданның атақты еңбек озаттары атанды. Ақ күріш оларды елге танытса, күріш арқылы олар абырой-атаққа ие болды.

Уақыт өтер, ұрпақ алмасар, бірақ еліне, халқына адал еңбек еткен адамның аты жұртының жүрегінде ұзақ сақталатынына тарих куә.

III

1981 жылы облыстық партия конфе-ренциясы Айнаш Балгабаеваны КПСС-тың XXVI съезіне делегат етіп сайлады. Одақ бойынша 4994 делегат қатысқан бұл съезд 1981 жылдың 23 ақпанында басталып, 3 наурыз күні аяқталған.

Кремльдегі съездер сарайына делегат болып бұл өңірден тұңғыш рет қатысқан күрішші қыз Айнаш Балгабаева екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Сол кезеңнің мақтаншысы болған Айнаш съезд барысында еліміздің ардақтысына айналған астықты өңірдің атақты механизаторы, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дененбаева апасымен съездер сарайында бір қатарда отырғанын бүгінде еске алудың артықшылығы жоқ. Бұл да тарих беттерінен көрініс.

Осы тұста оның Москваға барар алдындағы бір оқиғаға куәгер болғаным есіме түсіп отырғаны. Ол былай болған еді.

Оны Мәскеуге съезге шығарып салу үшін Қызылорда қаласына апарып, арнайы ұшаққа мінгізіп жіберуді аудандық партия комитетінің бюросы маған жүктеген болатын. Бұл 1981 жылдың 19 ақпаны еді. Келесі күні Айнашты Қызылорда қаласына апарып, ондағы сауда мекемелерінің қоймаларын аралатып, өзі қалаған киімдерді сатып алуын ұйымдастырдық. Сонда аяқ киім жағынан қалағаны табылмай қиналғанмыз бар. Аяқ өлшемі келгенмен қонышының сәйкес келмеуі сауда орындары басшыларын біраз абыржытты-ау. Өйткені жоғары партия органдары тарапынан оларға күн бұрын қалаған заттарын тауып бересіндер деп тапсырма берілген. Біздің қиналып тұрғанымызды аңғарған қойма меңгерушісі қаз келіншек, атын ұмыттым.

– Ағалар, біздер айыпқа бұйырмасаңыздар, сідіз үйде киілмеген жаңа етік бар, соның қонышы Айнашқа дәл келетін сияқты, – деді.

Содан қоймашы келіншектің айтқанына көніп, етікті үйінен алдырдық. Абырой болғанда сол етік бәрімізді осыдан 39 жыл бұрын қиналған күймізден құтқарғаны өліге дейін есімде.

Айнашты съезден көлерінде бүкіл аудан халқының өкілдері қатысып күтіп алды. Съезд делегатымен кездесу аудандық мәдениет үйінде өтті. Пионерлердің құттықтауларынан кейін өзі сөз алып, Мәскеуге барғаннан бастап көрген-білгенін егжей-тегжейлі айтып берді. Съезд

шешімдерін жүзеге асыру бүгінгінің басты міндеті екеніне назар аудара сөйледі. Мұны естіген замандастары «Күрішші Айнаш съезге барып келіп саясатшы Айнаш болды ғой» деп әзіл айтып жатты.

Адамды тәрбиелейтін де, өсіретін де, өз ортасы. Сол ортаны қадірлей, құрметтей білген адам ғана мәреге жете алатынына біздер куәміз. Мұның өзі тәрбиенің ең көкесі еңбек дегенге тіреледі.

IV

1984 жылы 4 наурызда Бүкіл Совет елінде ССРО Жоғары Советіне депутаттар сайлауы өтті. Осы сайлауда дауысқа түскен Айнаш Балгабаева ССРО Жоғары Советінің депутаты болып сайланды деген мандатқа ие болды. Ауылда туып, ауылдың әдет-ғұрпын көріп өскен, ауыл мектебін бітіріп, еңбек жолын ауылда бастап, диқаншылықтың қыр-сырын жетік меңгеріп, туған жерін түлетіп, күріштен мол өнім алып, совхоздың атын шығаруға өмірін арнаған, еңбек жарысында үнемі алдыңғы сапта болған, еңбек еткен жылдардың қорытындысымен «Еңбектегі ерен еңбегі» үшін, «Тыңның 50 жылдығы» медалі және «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған. Айнаш Балгабаева халқымыздың қалаулы қызына айналды. Ол дәуірдің депутаттары қандай болғанын еске түсірсек...

Айнаш Рахымқызы ССРО Жоғары Советінің депутаты кезінде СССР Денсаулық сақтау министрі Чазовтың қабылдауында болып, облыстың денсаулық сақтау саласындағы жедел шешілуге тиісті мәселелері бойынша ой білдіріп, депутат ретінде халықтың талап-тілегін уақытында жеткізген болатын. Жалпы ол кездегі депутаттар жайлы қысқаша айтатын болсақ, депутат – өмірде де, еңбекте де көпке үлгілі азамат қана емес, көпшілік сенімін арқалаған халық қызметшісі. Сонымен қатар ол – мемлекет басқару дәрежесіне ие болған қоғам қайраткері, қалың бұқара арасынан шыққан халық өкілі. Міне, осының өзі-ақ депутаттар борышының қандай екенін көрсетсе керек. Сол жылдары ауданымызда барлығы 456 депутат болатын. Осы депутаттардың ең басында Айнаш Балгабаева тұрды.

V

Ол жайлы біршама дерек келтірдік. Бұлай өңгіме қозғауымынң басты себебі оның өмірі Райком деп аталатын аудандық партия комитеті мен тығыз байланыста болды. Оның еңбектегі жетістіктері барлық уақытта аудандық, облыстық баспасөздерде үнемі насихатталып отырылды.

Ауданда өтетін әртүрлі жиындар мен салтанатты кештерде облыстық Советтің сессиялары мен облыстық партия комитетінің пленумдарында сөйлейтін сөздері алдымен аудандық партия комитетінің бөлімдерінде арнайы қаралып, өзімен ақылдаса отырып тоқтамға келетінбіз. Ол еңбек ете жүріп білімін үнемі жетілдірумен болды. Қызылорда қаласындағы гидрометеориативтік құрылыс институтын сырттай бітіріп, инженер-гидротехник деген мамандық алды. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, даңқты күрішші Ыбырай Жақаевтың: «Егінші мәрт, жер жомарт демекші, жердің құйқасын танып, қойнын ашып, қазынасын ала білген адам ердайым дәулетті болмақшы, бақ та соның басында, атақ та соның төңірегінде, жалқау өзіне жау. Тек ерінбей еңбек етсең болғаны. Еріңшек егіншіден елгезек масақшы озатынын ұмытпасақ болғаны», – деген сөзін Айнаш реті келгенде үнемі айтып отыратын. Бұл қағиданы қатаң ұстайтын. Содан болса керек, ол аса еңбекқұмар еді. Ол еңбек десе және жай табатын. Шаршау дегенді білмейтін. Бастаған ісін аяқтамайынша тынбайтын. Жазармен жиі кездесу ұйымдастыратын. Ауыл шаруашылығына жастардың көптеп келуін өңгіме ететін. Атақты диқан қыздың еңбегінің Отанымыз үшін қандай бағалы болғанын, еңбегі жанып, еліне танылу дегеннің оңайлықпен қолға түсетін дүние емесін осы айтылып отырған тіркестерден аңғаруға болады.

VI

Мәдениет – аудандағы өзіне төн тарихы бар іргелі ауылдардың бірі. Бұл ауылдан батыр да, ақын да, жырышы да, күйші де, қоғам және мемлекет қайраткері де шыққан. Ақын, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов ағамыздың өлең жолдарымен айтқанда: Тағдырдың көріп жеңіл ауырында, Ел жұрттың жүрдім бірге қауымында. Өткіздім өмірімнің сәтті шағын, Еңбек, Мәдениет ауылында. Абыроймен ағайын өтті күнім, Арқасында достардың көптігінің. Есептеймін өзімді бірімін деп, Қарапайым қазақтың текті ұлының.

Бұл да бір өткен уақытты еске алудың белгісі болар. Жымыра бірінші гасырдағы Мәдениет ауылын өңгіме ететін болсақ, бүгінде мұндағы халық саны 2182 адамды құрайды. Бұл 400 отбасы деген сөз. Олар ауылдағы он көшенің бойында орналасқан. Соңғы жылдары ұзындығы 9 шақырым асфальт төселіп, 5 көше асфальтталыпты.

Бұлда болса ауыл көркінің оңғарыла бастағанын көрсетеді. Жалпы көше деген сөз тереңірек ойлаған адамға көп нерсені еске түсіреді. Себеп кейбір көше аттары адам жадында мәңгі бақи жатталып қалатын сәттері де кездеседі. Көшені өмір ағысы деп те түсінуге болады. Себеп одан тарихты, өткеннің санқилы оқиғаларың, тағдырларын, достық пен махаббатты танып білеміз. Осы өңгіме етіп отырған көшелермен өзінің қысқа ғұмырында Айнаш талай рет жүріп өтті-ау деген ойға келесіз. Ол жай жүріп өткен жоқ. «Еткен еңбегім, жасаған жұмысым келешек ұрпақ айтып жүретіндей болсыншы» деп, арман-мақсаттарын осы көшелер бойында есіне алған шығар-ау.

Төй-төй басып жүрген, мектепке барған, барлық саналы өмірінде осы көшелердің бойымен жүріп өткен Айнашқа, осы көшелердің бірінің атауын берсе, ол көшеде түн мезгілінде электр шамы жанып тұратын болса, ол тұрған үйге арнайы арнаулы тақта ілінсе, онда оның Айнаш Балгабаева деген мәңгілік атауы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып қалған болар еді.

VII

Мәдениет ауылында 90 жылдық тарихы бар мектеп бар. Ол жайлы мектеп директоры Оразкүл Қозыкенова «Абыз жастағы ауыл мектебі» деген атаумен арнайы кітап шығарылыпты. Илияс Қабылов атындағы №32 мектеп-лицей тарихы сонау 1925 жылдан басталады. Содан бері бұл оқу орнынан қаншама түлек білім, тәрбие алып шықты десеңізші. Олардың қаншамасының елінің, ұстаздарының мақтаншысына айналғанына уақыт кұе. Сондай түлектердің бірі қарапайым еңбектен абырой тапқан заманның атақты күрішшісі Айнаш Балгабаева болатын.

Мектеп, оның түлектері жайлы ой қозғағандағы айталымыз осы ауылдан кешегі Кеңес дәуірі кезінде адал еңбектің арқасында дүйім жұртқа белгілі болған, мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атағын алған, Қазақ ССР Жоғары Советіне, ССРО Жоғары Советіне депутат болған атақты күрішшілерге арнап, мектепте кабинет ұйымдастырса деген тілегімізді білдіру. Әрине жас ұрпаққа тәрбие берудеп мұндай кабинеттің атқаратын рөлі өлшеусіз екені айтпаса да түсінікті.

VIII

Биылғы егін даласының көркі айрықша. Бітік өскен күріш алқабы қай ауылға барсаңыз да сары алтындай күн кезімен шағылысып, желдің жеңіл лебімен ыргалып тұрғанын көргеніңізде, сонау жылдардағы осы өңірдің даңқын шығаруға өздеріңіз маңдай тер, табан еттерімен еңбек етіп, Жалағаш ауданын күріш өсіруден облыстың Қостанайы деген атақ алуына үлес қосқан атақты күрішшілер Социалистік Еңбек Ері Несіпбай Әпрезов, Қазына Жүсіпова, Тұршабек Елеусінов, даңқты диқандар Сасықбай Дәулетбеков, Молшыбек Рысжанов, Нұрлыбек Басанов, Күләнда Ыбырайова, Кенал Әбдіреев, Ұлмекен Төлегенова, Айнаш Балгабаева, Жақсылық Шайманов, Кенішбай Алшоразов, еңбек ұйымдастырушың озат үлгілерін көрсете білген өндіріс бригадирлері Рахымтай Сәдуов, Қарлыхан Нұрымбетов, Отанбек Жамалатов, Тұрлыбай Әбдіқалықов, Дәужан Ыдыраров, Сейтасқар Сүйіндіков, Кәнтай Байныязов, Әбілхан Тұрмаханов, Сәйлен Байназаров, Дәдікбай Төреқұлов, Паттал Атамбаев сынды басқа да азаматтардың есімін еске алмау мүмкін емес.

Олардың өткен еңбегі, Сыр маржанын өсірудегі жеткен табысы ұмытылмақ емес. Қайта бүгінгі ұрпақ аға буының рекордтық жолға апаратын өмір жолдарын одан әрі жалғастыра түскеніне халық ден риза.

IX


Кезінде Ыбырай Жақаев «Мен ақ күрішті жырлаған адамдарды қатты құрметтеймін» деген екен. Бұл өңгіме Сыр күрішіне арнап өлең жазған Сыр бойының орактілді, майталман ақыны Асқар Тоқғаманбетовке айтылса керек.

Иә, ол "Тұлпарлардың тұяғынан нұр болып ұшқан көк күріш" деп өлең жазған еді. Бұл өлеңнің қолжазбасы Қызыл Ту ауылындағы Ыбырай Жақаевтың музейінде сақтаулы. Бұл өлеңді облыс диқандары кезінде күрішке арналған Гимн деп атады. Бұл эссе еңбектің қасиетін бала жастан сезінген, еңбекпен ерте есейген, еңбекпен өскен, еңбекпен шыныққан, еңбекпен қуанышқа кенелген, еңбекпен ел құрметіне бөленген, еңбектің құдіретіне сенген, еңбектен бақытын тапқан, бүкіл өмір жолын Отанға қалтқысыз еңбек ету арқылы еңбектің тамаша үлгісін көрсете білген даңқты күрішші Айнаш Балгабаеваға арнап жазылғандықтан жазбамды ақ күріштің гимні жайлы қысқаша естелікпен аяқтауды жөн санадым.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Электр жүйелері мен жабдықтары жоғары өрт қауіптілігін тудыратыны ешкімге құпия емес. Әрбір үйде тұрғындар электр техника және жылыту құралдарын белсене пайдаланады, нәтижесінде аталған кезеңдегі өрттердің басым бөлігі дәстүрлі түрде электр техникаға немесе оларды дұрыс қолданбауға байланысты себептерден орын алады. Өрттің себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады.

Қауіпсіздік қатердің алдын алады



Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайда болу қауіпін, тез жанғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен электротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттен пайда болу қаупінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді. Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;
- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен тұс қағаз жапсыруға;
- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;
- электр шамдарын жанғыш материалдардан жасалған абажурамен жабуға;
- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жіі кездесетін өрттің себептері-қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үткертер, горелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдарды жылуды сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшаулануының көуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылытатын жерлердің (пештер, үткертер, жылу батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды. Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгенінін тексеріп, көз жеткізген жөн.

Жалағаш аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі

2023 жылдың 29 қаңтарына тағайындалған Жаңадария ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскелерінің шекарасы
№152 сайлау учаскесі. Орналасқан жері: Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, “Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “№203 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. Шекарасы: Жаңадария ауылы.
Границы избирательных участков по выборам акима сельского округа Жаңадария, назначенных на 29 января 2023 года
Избирательный участок №152
Местонахождение: сельский округ Жаңадария, село Жаңа-дария, улица Достық №20, здание коммунального государственного учреждения “Средняя школа №203” отдела образования по Жалағашскому району Управления образования Кызылординской области”. Границы: село Жаңадария.

2023 жылғы 1 тоқсанда “Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және занды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

«Жалағаш жаршысы» жарыққа шыққан күн

1934 жылы дәл осы күні аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің алғашқы нөмірі оқырмандарына жол тартқан болатын. Аудандық басылымның тарихы сол кездегі Қаракеткен машина-трактор станциясының саяси бөлімі шығарған «Колхозшы» деген газеттен басталады. Бұл туралы ардагер-журналист Т.Тәшеннің «Жалағаштың жаршысы» деген кітабында толық қамтылған.

Басылым тарихына қатысты мәліметтер 2009 жылы ауданның 70 жылдық мерейтойына орай дайындалған өлкетанымдық кітапта да кездеседі. Архивтегі деректер «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдан бүгінге дейін атауын алты мәрте өзгерткенін айтады. «Колхозшы», «Күрішшілер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы», «Жаңадария», «Жалағаш жаршысы» болып атын алты мәрте өзгерткен қоғамдық саяси газеттің тарихы тереңде.

Ең алғаш Сахи Жарылқасыновтың редакторлығымен жарыққа шыққан аудандық басылым «Колхозшы» деген атпен жарты баспа табақ көлемінде 700 дана болып таратылған. Сахи Жарылқасынов Қармақшы аудандық газетінен шақырылды. КСРО Жоғары Кеңесінің Президумының қаулысымен жаңа аудандар құрылуға шешім қабылданып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің арнаулы қаулысы арқылы Жалағаш ауданы құрылды. Соған байланысты «Колхозшы» ұнпарағы аудандық газет болып, аудан орталығынан шығарыла бастады.

1939 жылдың сәуірінен бастап аудандық газеттің редакторы болып Жарылқасын Дүйсенов тағайындалды. Баспа станогында Ізмағамбет Шүмбілов газет басқан. Ол 1941 жылы маусымда соғысқа алынып, хабарсыз кеткен. Осы кезде газетте небәрі екі-ақ адам қызмет еткен. Бірі – редактор, екіншісі – бар жұмысты атқаратын жауапты хатшы.

Аухат Ысмайылов 1941-1943 жылдары жауапты хатшы қызметін атқарғанда Ысмайыл Ақжігітов деген азамат редактор ретінде қол қойған. Ал 1943 жылдың 8 желтоқсаны мен 1945 жылдың 15 шілде аралығында Сұлтан Қожаниязов редактор болыпты. Сыр еліне аты мәлім журналист Мырқы Исаяев редактор болған жылдары газетте өткір сын,

фельетон жиі жарияланып, газеттің беделі көтерілген.

Өндіріс басқармасының құрылуына байланысты аудандық газет уақытша жабылып, 1963 жылы 1 мамырдан бастап Қармақшы аудандық басқармасы жанынан «Коммунизм шамшырағы» газеті шыға бастады. Редакторы Әзілхан Аманов, корректоры Мырзамұрат Ілиясов болды.

Аудандық газеттен белгілі қаламгерлер өсіп шықты. Ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Темірше Сарыбаев пен Асқар Кіребәев, ақын, әнші, айтыскер, филология ғылымдарының кандидаты Елена Әбдіхалықова, журналист, жазушы Ертай Айғалиев, Қазақ энциклопедиясында ұзақ жылдар еңбек еткен аудармашы, бірнеше сөздік кітапты құрастырушы Сүлеймен Тоқсанбаев, есімі елге белгілі журналистер Еркін Әбілов, Миуа Байназарова, Бейбітбек Бүркітбаевтар да шығармашылық қабілетін осы редакцияда шыңдаған қаламгерлер.

Жалпы газеттің бірінші нөмірін дайындау оңайға түспеген. Газетке тілші мен автор тарту, олардан келіп түскен хаттарды қорыту қиынның қиыны. Сахи Жарылқасыновтың жазуынша, сол тұстағы тілшілер мен авторлардың көбісі сауат ашу мектебінен ғана өткен, журналистік шеберлігі аз. Газет коммунистік партия мен Совет өкіметінің ішкі-сыртқы саясатын насихаттап, қаулы-қарарларын қалың оқырманға жеткізу, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүретін немесе қоғам мүлкіне сұғанақтарды өшкерелеу, көптің талқысына салу, сынды мәселелерді көтерді. Газет МТС жанындағы саяси бөлімнің органы болғандықтан, оның жаздырып алушылары да аз еді, тек машина-трактор станциясының жұмысшылары мен механизаторларға ғана тарайтын. Соған орай газет көтерген

мәселелер де осы саланың мақсат-мүддесінен туындайтын.

1938 жылы Қызылорда Оңтүстік Қазақстаннан бөлініп, өз алдына облыс болуына байланысты Жалағаш та Қармақшыдан енші алып, дербес шаңырақ көтерді. 1939 жылы қазан айындағы КСРО Жоғары Кеңесі Президумының қаулысымен жаңа аудандар құрылуға шешім қабылданып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің арнаулы қаулысы арқылы Жалағаш ауданы құрылды. Соған байланысты «Колхозшы» ұнпарағы аудандық газет болып, аудан орталығынан шығарыла бастады.

Газеттің 1939-1940 жылдардағы тігіндісін парақтасақ, мол өнім алу, Мәскеуге көрмеге барғандар, еңбек күнге бөлінген мол астық, үкімет наградалары туралы ақпараттар мен мақалаларды оқимыз. Бұл жылдар әлі де болса социалистік құрылысты белсенді жүргізудің жарқын көріністері жарық көріп жатқан кез.

Кейін аудандық газеттің «Колхозшы» атауы «Күрішшілер» болып ауысты. 1941 жылы газет редакторы Мұрат Нұржанов болды.

1944-1948 жылдары Сұлтан Қожаниязов редактор болды. Осы жылдары басылымды басқарған С.Қожаниязов 1944 жылы Қызылорда қаласында ақындар мен жазушылардың, жыраулар мен айтыс ақындарының, бүкіл журналистер мен газет-радио қызметкерлерінің жиналысы өткенін жазды. Онда майданға көмекті бұрынғыдан да арттыру, соғыс салған жараны түзету, тез емдеу ол үшін мәдениет майданының барлық қызметкерлері бұрынғыдан да тиянақты еңбек етуге жұмылдырғанын өз естелігінде кеңінен баяндайды. Сол кездегі басылым беттерінен осы жиналыста берілген тапсырмалардың орындалғанына көз жеткіземіз. Майданға жылы киім, азық-түлік жөнелту, жарқатпатын елге оралған жауынгерлерге жәрдем көрсету,



майдангерлер отбасына көмек көрсету секілді ақпараттар жиі жарық көрген. Сонымен бірге ақындар мен жазушылардың, айтыскерлердің шығармаларына көп көңіл бөлінді. Бұл сол кездегі ауыртпалықты ұмыттырып, жұрттың көңілін көтеру мақсатында ұйымдастырылды. Әсіресе газет беттерінде жазбаша айтыс кең өріс алды. Соның нәтижесінде облыс көлемінде ақындар айтысы жиі ұйымдастырылды. Сол кездегі облыстық баспасөз бөлімшесін басқарған А.Тоқмағамбетов пен Ә.Оңалбаевтар бірқатар ақын-жазушылардың шығармашылығына қатысты әдеби сын, рецензиялар, шығармашылық портреттер жазды.

Соғыс жылдарында жарық көрген аудандық газеттердің ауылдарға жетуі, оқырман хаттары мен жаңалықтар байланыс қызметінің нашарлығы, ең бастысы, газетке жазатын авторлар тарту машақатын Сұлтан Қожаниязовтың өз естелігінде толық баяндайды. Газет ауыл-село тілшілерінің белсенділігімен, үлкен көмегімен шықты. Олар жазған ауыл өмірі, еңбек адамдары жайлы хаттар газетке мақала болып басылды. Төлеубай Үркімбаев, Аухат Ысмайылов, Ідіріс Ақмыразаев, Нағымар Назмаханов сияқты авторлар газетке үзбей жазып тұрды. Авторлардың үлкен көмегі болды дейтініміз, ол уақытта газетте екі-ақ адам жұмыс істейтін. «Редактор және жауапты хатшы деген штат болды. Редактор саяси мақалалар ұйымдастыратын, жауапты хатшы

газеттің макетін жасаумен бірге нөмірдің басқа да мақалаларын жазуды тікелей міндетіне алады.

1950 жылдары партияның алдында соғыстан кейінгі экономикалық жағдайды жақсарту, соғыс зардабын жойып, қайта қалпына келтіру және одан әрі өркендету міндеті тұрды. Редакция алдында еңбек адамдарының саяси-идеологиялық құралына айналды. Бұл кезде газет редакциясының штатында редактор, жауапты секретарь, бір газет басушы, және үш әріп теруші болды. Сонымен қатар 50-60 штаттан тыс тілші жұмыс істеді. «Редакция мен баспахана бір болған.

Өткенге шегініс жасасак, газеттің әр жылы өз алдына бір тарих. Қазір газет шығару ісі толықтай компьютерге көшірілді. Сонау кездегі газетке берілетін суреттің темірге құйылуының өзі біркүндік жұмыс болса, қазір оның бәрін компьютер атқарады. Аудандық газет ғылыми-техникалық прогрестің соңғы жетістіктері бойынша шығарылып келеді. Аудандық газет қазір аптасына екі рет шығады. Газет түгелдей компьютермен теріліп, беттеліп, түрлі-түсті бояумен облыс орталығында басылады. Бүгінде полиграфиялық сапасы жақсарған.

«Газет – қоғам өмірінің айнасы» деп бекер айтылмаса керек. «Жалағаш жаршысы» газеті тәуелсіз Қазақстанның саяси өмірімен тығыз байланысты жылт еткен жаңалықты барынша айшықты көрсетуге күш салып келеді. Әсіресе аудан тұрғындарының Мемлекет басшысының дәстүрлі

талқылауда белсенділігін байқаймыз. Газетте авторлар мен ауыл тілшілерінің мақалаларына жиі көңіл бөлінеді. Бүгінде газет қаламгерлері өңір тынысын айшықтап, елімізде атқарылып жатқан толымды істерді өз мақалаларына арқау етуде. Баспасөз саласында басылымның беделін арттырып, білігін төмендетпей – кез келген редакция ұжымының басты мақсаты. Сондықтан газет бетінен түрлі айдарлар ашып, ел руханиятының дамуы мен әлеуметтің әлеуетіне қатысты мәселелерді тілшілердің қаламына арқау етуі де заңдылық.

Иә, кез келген өңір үшін ақпараттық жүйенің бәсекеге қабілеттілігі айрықша басымдыққа ие. Соңғы жылдары газеттің баспа нұсқасымен бірге электрондық нұсқасын қатар дамыту талабы қойылған. Газеттің электронды нұсқасы, «Жалағаш жаршысы» ақпараттық агенттігі әзірленіп, бүгінде әлемнің қай түкпірінен оқимын деген адам болса да мүмкіндік бар. Қалай десек те, “Жалағаш жаршысы” – өңір тарихын талбалап келе жатқан бұқараның үні бола білген, аудан жұртының сүйікті басылымына айналған газет. Бұл газеттің бетінде Жалағаш ауданының тыныс-тіршілігі бар. Газет қызметкерлері алдағы уақытта да сенім үдесінен шығу үшін еңбек ете беретіні анық.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Бөрекелді!

Халық «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр

Елімізде табиғи газдың қоры мол. Солай бола тұра халық сол табиғи байлықтың игілігін ұзақ уақыт бойы көре алмай келді. Бірақ кеш те болса, сол игілік халыққа қызмет қыла бастады. Ауданымызға көгілдір отын кіргелі халық бейнеттен құтылды. Бұл тұрғындардың қуанышы. Ал шын мәнінде табиғи газды тұтыну тұрмысымызды ғана жеңілдетіп қойған жоқ, ауданды газдандыру жобасының сәтті іске асуы экологиялық ахуалдың түзелуіне, нақтырақ айтсақ, табиғат байлығының сақталуына оң әсерін тигізері анық.

Ауданымызды газдандыру жұмыстары 2019 жылдан бастау алып, орталықтандырылған газ желісі 2021 жылы пайдалануға берілді. Жалағаш кенті бойынша өткен жылдың 1 желтоқсанында 78,3 пайыз халық газбен қамтылыпты. Яғни кент бойынша 3 164 тұрғын болса, соның 2 478-іне табиғи газ кірген. Сонымен бірге 7 әлеуметтік, 89 кәсіпкерлік нысан газ желісіне қосылыпты. Әлі де бұл бағытта жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу жалғасып жатыр. Тек кенттің іші ғана емес, алдағы уақытта ауданға қарасты барлық ауылдарға да газ апару көзделіп отыр. Бірақ әзірше аудан орталығына жақын орналасқан елді мекендер ғана табиғи газбен қамтылмақшы. Осы мақсатта өткен жылдан бастап ауданды газдандыру бойынша жалпы құны 130,7 млн. теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асуда. Атап айтсақ, Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің, аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығының, сонымен бірге аудандық қаржы бөлімі ғимараттарының жылу жүйесін табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықтарын қайта жаңғырту жұмыстары жүрді. Одан бөлек, кенттегі «Ақмаржан», «Күншұақ», №19 санаториялық бөбекжайларын газбен жылыту мақсатында жұмыс жасалып жатыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, биыл кент іргесіндегі Ақсу ауылдық округіне газ кіреді. Аудан халқының есіне сала кетейік, 2021 жылы Ақсу елді мекенін орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз етуге жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге бөлінген болатын. Өткен жылы жобалаушы мекеме «Прикаспийское управление строительства Шымкент» жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу жұмыстарын аяқтап, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Жоба құны 545,250 млн. теңгені құрады. Жобаны бюджеттен қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Өткен жылы осы аталған елді мекенді газдандыруға байланысты жоба қолдау тауып, биылғы жылдың бюджетіне қаржыландыруға енгізілген болатын. Сонымен бірге М.Шәменов елді мекенін газдандыру үшін тиісті қаржысы қаралды. Жоба құны 710,4 млн. теңгені құрайды. Аудандық бюджеттен 7,6 млн. теңге қаржы қаралып, ЖСҚ әзірленіп, сараптамадан өтіп жатыр. Бұйыртыса, М.Шәменов ауылы тұрғындарының да көгілдір отынның игілігін көретін күні алыс емес.

Қандай да бір тауарды тұтынушы ең алдымен оның сапасына



мән береді және талап етеді. Осы орайда халық көкейінде газ тарату жұмыстарының сапасы және қауіпсіздігі жайында да сауал болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл жайында біз «Қызылорда газдандыру жүйесі» КММ-ның Жалағаш аудандық ұчаскесінің бастығы Сәбит Жаңақашовтан сұрап білдік.

– Ауданымызға газ кіргелі екі жыл болды. Көгілдір отынды халық қазір тұтынып отыр. Газ желісінің құрылысын жүргізген мердігер мекемелерден ең алдымен жауапкершілікті талап етеміз. Біздің мекеменің басты мақсаты газды халыққа үздіксіз жеткізіп отыру және қауіпсіздігін қадағалау. Ол жұмыстарды арнайы мамандар

атқарады. Нақтырақ айтсақ, газ кіргізетін үйді алдын ала тексеріп, талаптарға сәйкестігін анықтайды. Тұрғындар тек құжатта көрсетілгенді техникалық қауіпсіздікті сақтауы тиіс. Сосын тағы бір айта кететін жайт, газ пештерінен немесе үйге кіріп тұрған желілерінің бойынан ақау анықталса, дереу 109 нөміріне қоңырау шалып, тиісті мекемеге хабарласқаны жөн. Өйткені, қандай да бір игілікті жұмыстың жауапкершілігі болады және соның басында тұрғындардың қауіпсіздігі тұр. Айта кетейік, оқыс жағдайлардың алдын алу үшін газ орнататын әрбір тұрғын үй және кәсіпкерлік нысандар техникалық қызметті пайдалану мақсатында

мердігер мекемелермен техникалық алмасу-шартқа отыруы міндетті. Бұл заң жүзінде талап етіледі. Егер келісім-шарт болмаған жағдайда алдағы күндері ол нүктелерге газ берілмейді. Себебі кейбір кездерде пеш сөніп қалады немесе дабыл жүйесі істен шығуы мүмкін. Сондай кездерде біздің мекеме қызмет көрсетпейді. Әлгі келісім-шарт жасасқан мердігерлер шұғыл көмекке келуі тиіс. Ал біздің мекеме тек халыққа газ тарату қызметімен ғана айналысады және соған қосымша дабыл қоңырауы бұзылып, газдың иісі білінген кезде ғана қызмет көрсетеді.

Газ пайдаланушылар аса сақ болғаны жөн. Үйдегі газ пештерінің

дұрыс жұмыс істеуін, булықтың үнемі ашық тұруын, дабыл жүйесінің электр көзіне қосылып тұруын жіті қадағалап отыруы керек. Сондай-ақ, үйде қазандық пешінің болғаны да дұрыс. Бұл табан астынан апатты жағдай орын алған кезде қосымша жылу көзі ретінде қажет. Сонымен бірге тұрғындар газ кіргізбес бұрын біздің мекемемен алдын ала кеңесіп алу керектігін айтар едім. Ол үшін техникалық шарт жасалады. Оған үйдің техникалық құжаты, жер телімінің құжаты, мөшкіл иесі туралы құжат және жеке куәлік қажет.

Ауданымызға газдың келгені аудан халқы үшін үлкен қуанышты жаңалық болды. Алайда игілігімізге тұтынып отырған тұрмыстық қажеттілік үшін төлем жасау міндетіміз. Қазірде көп тұрғындар газды қажетінше пайдаланып, төлем жасайтын уақытта жауапкершіліктен жалтарады. Көбі көшіктіріп төлейді. Соның салдарынан газ тарату жұмысының жүйесі бұзылады. Сосын газ пайдаланушылар тарапынан туындап тұрған тағы бір мәселе бар. Ол – біздің қызметкерлеріміз үшін тұрғын үйлердің ішінде орналасқан есептегіш құралдың көрсеткішін көрудің қиындығы. Тұрғындар үйлеріне кіргізбейді. Біз есептегіш құралдың көрсеткішін көріп отыруымыз керек. Осы жағы қиындық туғызып отыр. Тұрғындардың өзінше есептегіш құралдың көрсеткішіне сала кетейік, ай сайынғы төлемді «Халық» банкі және «Каспий» банкі арқылы үйде отырып жасауға болады. «Каспий» банкте төлем мөлшері мен қарыздар көлемі де көрсетіліп тұрады, – дейді Сәбит Еркінболуы.

Иә, расында газды кіргізу бар да оны жүйелі пайдалану бар. Сондықтан көгілдір отынның игілігін көріп отырған әрбір тұрғын жоғарыда айтылғандарды ескергені абзал.

Қуат АХЕТОВ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспахасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 3097 Тапсырыс № 40 Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ
--	--	---	--	--